



«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ  
Директорлар кеңесінің шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН  
2019 жылғы 18 ақпандағы  
№49 хаттама

**Шет елге шығушы тұлғаларды ерікті сақтандыру  
ЕРЕЖЕСІ  
«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ**

*«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ*  
*Шет елге шығушы тұлғаларды ерікті сақтандыру ережесі*  
Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 89 хаттама) бекітілген өзгерістер  
мен толықтыруларды есепке алғанда,  
2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енді

## **1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР**

**1.** Шет елге шығушы тұлғаларды осы ерікті сақтандыру ережесі (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасының заңнамасына, «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» АҚ-тың ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес дайындалды және сақтандыру талаптарын, шет елге оқу мақсатында шығушы тұлғаларды қоса алғанда, шет елге шығушы тұлғаларды ерікті сақтандыру шартын (бұдан әрі – Сақтандыру шарты) жасасу, оны қолдау және орындау тәртібін реттейді.

**2.** Осы Сақтандыру ережесінің талаптарында «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы заңды және жұмысқа қабілетті жеке тұлғалармен сақтандыру шарттарын жасасады.

**3.** Осы Ережеде пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

**1) тосын сырқат** - ағза функциялары бұзылуының түрлі нысандарының туындауымен сипатталатын, сақтандыру қорғанысы әрекет ететін кезеңде, денсаулыққа келтірілетін одан әргі зиянның немесе өмірге келтірілетін қауіптің алдын алу мақсатында жедел медициналық араласуды қажет ететін, сақтандырылған тұлғаның денсаулығының кенеттен бұзылуы;

**2) дәрігер** – кәсіби медициналық білімі бар және медициналық қызмет атқаратын жеке тұлға;

**3) Пайда алушы** – Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес сақтандыру төлемін алушы болып табылатын тұлға;

**4) сырқат** – функционалдық немесе (және) морфологиялық өзгерістермен шарттасатын, Сақтандырылушы ағзасының қалыпты қызметінің бұзылуы;

**5) Сақтандырылушы** – оған қатысты сақтандыру жүзеге асырылатын жеке тұлға. Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, Сақтандырылушы сақтандыру қорғанысының әрекеті басталған сәтте жасы 0-ден бастап 75 жасқа дейінгі тұлғалар бола алады.

**6) медициналық тасымалдау** – Сақтандырылушыны шұғыл медициналық көрсеткіштері бойынша амбулаторлық немесе стационарлық талаптарда медициналық көмек көрсету қажеттілігіне байланысты ең жақын медициналық мекемеге мамандандырылған немесе дағдылы көлік құралымен жеткізу;

**7) медициналық эвакуация** - Сақтандырылушыны уақытша тоқтаған елдің аумағынан (сақтандыру аумағынан) Сақтандырылушының тұрақты тұратын жеріне бірінші жақын халықаралық әуежайға дейін тасымалдау (медициналық көрсеткіштері болған кезде, сондай-ақ Сақтандырылушы емдеуші дәрігер растаған жағдайда, тасымалдауға жарамды болғанда, ілесіп жүретін тұлғамен бірге), егер:

а) стационарда болу шығындары Сақтандыру шартында белгіленген лимиттен асып кетсе, Сақтандырылушының болжалды медициналық шығындардың құны мен сақтандыру шартында белгіленген лимиттің сомасының арасындағы айырмашылықты төлеуге мүмкіндігі болмаса (одан бас тартса);

б) Сақтандырылушыға талап етілетін медициналық көмекті уақытша тоқтаған елде (сақтандыру аумағында) көрсету мүмкіндігі болмаса.

Медициналық эвакуация оның қажеттілігін Сақтандырушының дәрігері жергілікті емдеуші дәрігердің құжаттары негізінде қорытындымен растаса және медициналық жақпаулар болмаған кезде ғана жүзеге асырылады.

Медициналық эвакуация бойынша шығындар Сақтандыру шартында мазмұндалған сақтандыру сомасының аясында өтеледі;

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 89 хаттама) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке алғанда,

2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енді

**8) медициналық шығындар** – Сақтандырылушы сақтандыру аумағында болған кезде туындайтын, Сақтандырылушының Қазақстан Республикасындағы тұрақты тұратын орнына (азаматтығына) қайта оралғанға дейін кейін қалдырылуға болмайтын, білікті машықтанған дәрігер белгілеген сырқаттан және медициналық көмекті көрсету (диагностика қою, терапевтік және/немесе хирургиялық ем) қажеттілігінен туындайтын шарасыз, қажетті шығындар;

**9) медициналық ассистанс** – Сақтандырушының өкілі. Сақтандырушымен ынтымақтастық шарты негізінде сақтандыру аумағында Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес Сақтанушы таңдаған санаттарға сай медициналық және басқа қызметтерді ұйымдастыратын және көрсететін заңды тұлға;

**10) медициналық мекеме (медициналық желі)** – онымен (олармен) Сақтандырушының өкілі Сақтандырылушыларға қызмет көрсету шартын жасасқан заңды тұлға;

**11) жазатайым жағдай** - адамның еркінен тыс басталған, сыртқы механикалық, электр, химиялық немесе термикалық ықпалдың Сақтандырылушының ағзасына әсері салдарынан оның денсаулығына зиян келтіру, оның мертігуі немесе қайтыс болуынан болған тосын, қысқа мерзімді жағдай (оқиға);

**12) жіті сырқат** – сақтандыру шартының қолданылу кезеңінде тосыннан туындайтын және жедел медициналық көмек көрсетуді талап ететін, медициналық көмек көрсетуден бас тарту немесе оны кідірту ауыр қайтарымсыз жағдайлардың өршуіне, тіпті қайтыс болуға әкеп соқтыруы мүмкін сырқат, бұл ретте медициналық көмек шұғыл көрсетілуі тиіс, яғни, жағдай туындағаннан кейінгі алғашқы тәуліктерде;

**13) репатриация** – медициналық ассистанс ұйымының Сақтандырылушының мүрдесін Қазақстан Республикасының ең жақын халықаралық әуежайына немесе азаматтығы бар/тұрақты тұратын еліне дейін тасымалдауды ұйымдастыруы;

**14) ілесіп жүретін тұлға** – егер ондай ілесіп жүру медициналық көрсеткіштері бойынша қажет болса, Сақтандырылушыға ілесіп жүру үшін шет елге шығуға мүмкіндігі бар, отбасы мүшесі (туысқаны) немесе басқа тұлға;

**15) спорт** – спорт жарыстары және адамды оған арнайы дайындау нысанында туындайтын спорт түрлерінің жиынтығы ретіндегі әлеуметтік-мәдени қызмет саласы (жарыс түріндегі физикалық жаттығулар немесе зияткерлік мүмкіндіктер жиынтығы);

**16) ілесіп жүретін тұлғаның жедел жетуі** – төтенше ахуалдан және дәрігердің медициналық талабы бойынша туындаған, Сақтандырылушы уақытша тоқтаған елдегі ол госпитализацияланған медициналық мекемеге ілесуші тұлғаның келу қажеттілігі (егер Сақтандырылушы жалғыз өзі сапар шексе);

**17) Сақтанушы** – Сақтандырылушымен сақтандыру шартын жасасқан және сақтандыру сыйлықасын төлеген тұлға;

**18) Сақтандырушы** – сақтандыру ұйымы ретінде тіркелген және Қазақстан Республикасының аумағында сақтандыру қызметін жүзеге асыру құқығына лицензиясы бар «Халық» сақтандыру компаниясы» Қазақстан Халық банкінің еншілес ұйымы» акционерлік қоғамы;

**19) сақтандыру аумағы** – сақтандыру шартында көрсетілген, оған сақтандыру қорғанысының әрекеті таратылатын аумақ;

**20) балаларды эвакуациялау** – Сақтандырылушымен бірге сапарға шыққан және Сақтандырылушының кенеттен сырқаттануына байланысты қараусыз қалған балаларды (0 жастан бастап 18 жасқа дейінгі) азаматтығы бар/тұрақты тұратын елінің ең жақын халықаралық әуежайына дейін кері қайтару;

**21) шұғыл жағдай** – оның төтеншелігіне қатысты Сақтандырылушы медициналық ассистанспен және (немесе) Сақтандырушымен байланысу мүмкіндігі болмауы

салдарынан орын алған күтпеген жағдай (жіті және кенеттен сырқаттану, жазатайым жағдай);

**22) шұғыл медициналық көмек** – кенеттен болған жіті сырқаттар, жарақаттар, денсаулықтың аяқ асты құлдырауы, сақтандыру шартында белгіленген тізбеге сәйкес созылмалы сырқаттардың қабынуы кезінде денсаулыққа келтірілетін зиянды болдырмау немесе өмірге төнген қауіптің алдын алу үшін кідіріссіз медициналық араласуды қажет ететін медициналық көмек.

## **2. САҚТАНДЫРУ ОБЪЕКТІСІ**

**4.** Сақтандыру объектісі болып Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге уақытша шығатын Сақтандырылушының Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі ішінде оның Сақтандыру шартында көрсетілген жазатайым жағдайдың және (немесе) кенеттен болған сырқаттың салдарынан Сақтанушы таңдаған және Сақтандыру шартында көрсетілген сақтандыру бағдарламасына сәйкес қызметтерді алу шығындарымен байланысты туындайтын Сақтандырылушының мүліктік мүдделері табылады.

## **3. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР**

**5.** Сақтандыру жағдайы – оның басталуымен сақтандыру шарты сақтандыру төлемін жүзеге асыруды қарастыратын ықтималдық және кездейсоқтық белгілері бар оқиға.

**6.** Сақтандыру жағдайы болып сақтандыру шарты бойынша сақтандыру қорғанысының қолданылу мерзімі ішінде оның шет елде (сақтандыру аумағында) болуы кезеңінде Сақтандырылушының кенеттен болған жіті сырқаттың және/немесе денсаулығының басқалай бұзылуы немесе жазатайым жағдайдың салдарынан осы Ережеде және сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте мына ұйымдарға қаралуымен байланысты Сақтанушының (Сақтандырылушының) болжанбаған шығындарының туындауы танылады (табылады).

- 1) шұғыл медициналық көмек;
- 2) медициналық тасымалдау;
- 3) медициналық эвакуациялау және (немесе) репатриациялау;
- 4) ілесуші тұлғаны тез келуі;
- 5) балаларды эвакуациялау.

**7.** Медициналық көрсеткіштер – нақты Сақтандырылушының Сақтандыру ережесіне, Сақтандыру шартына және Сақтандыру бағдарламасына сәйкес медициналық ассистансқа қаралуына түрткі болған, сырқатқа диагностика қою немесе оны емдеу бойынша қандай да бір медициналық қызметтерді алудың объективті себептері мен салдары.

**8.** Егер Сақтандыру шартында басқалай қарастырылмаса, сақтандыру жағдайы Сақтандырылушы медициналық көмекті немесе сақтандыру шартында қарастырылған басқа қызметтерді алу үшін Ассистансқа қаралғанда және нұсқаулыққа сәйкес барлық әрекеттерді орындаған кезде басталған болып саналады.

**9.** Сақтандырылушының сақтандырумен өтелетін шығындарының тізбесі сақтандыру бағдарламасында (сақтандыру шартында) белгіленеді.

**10.** Сақтандыру жағдайының басталғанын, сондай-ақ онымен келтірілген залалдарды дәлелдеу Сақтанушыға (Сақтандырылушыға, Пайда алушыға) жүктеледі.

#### **4. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЛАРЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР ЖӘНЕ САҚТАНДЫРУДЫ ШЕКТЕУ**

**11.** Осы Ережеге сәйкес Сақтандырылушының төмендегілер салдарынан болған шығындары сақтандыру жағдайы деп танылмайды:

1) соғыстар, басып кірулер, шет мемлекеттердің дұшпандық әрекеттері, әскери немесе оған ұқсас операциялар (соғыстың мәлімделген, мәлімдемегеніне қарамастан) немесе азаматтық соғыстар;

2) барлық түрдегі халықтық толқулар, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер, бүліктер, локауттар, халықтық ереуілдерге, бүліктерге, азаматтық толқуларға дейін ұлғаятын немесе оған ұласатын азаматтық тәртіпсіздіктер, әскери бүліншіліктер, төңкерістер, әскери басып алулар немесе билікті тартып алу, мүлікті тәркілеу, реквизициялау немесе ұлттандыру, лаңкестік актілер;

3) ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивті зарарданудың әсері;

4) Сақтандырылушының (Пайда алушының) алкогольмен, уландырғыш заттармен немесе есірткімен мас кезінде немесе дәрі-дәрмектің немесе психотропты заттардың әсерінде болған кезде жасаған әрекеттері;

5) табиғи катаклизмалар: жердің сілкінуі, су тасқыны, сел, дауыл, торнадо және т.б.;

6) техногендік апаттар: зауыттарда улы заттардың жарылуы және ағып кетуі, тұрба құбырларының жарылуы немесе апаты, әуедегі апаттар, поездардың қирауы, кемелердің қирауы және т.б.;

7) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының сақтандыру жағдайының туындауына не оның басталуына сеп болуға бағытталған қасақана әрекеттері, бұған қажетті қорғаныс және ерекше қажеттілік жағдайында жасалған әрекеттер кірмейді;

8) Сақтанушының, Сақтандырылушының және (немесе) Пайда алушының белгіленген заңнамалық актілердегі тәртіппен сақтандыру жағдайымен себепті байланыстағы қасақана қылмыс немесе әкімшілік құқықбұзушылық деп танылған әрекеттері.

**12.** Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуына мыналар да негіздеме бола алады:

1) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру объектісі, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы және оның салдары туралы қасақана жалған мәліметтер хабарлауы;

2) Сақтанушының сақтандыру жағдайынан болатын залалдарды азайту шараларын қасақана қабылдамауы;

3) Сақтанушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын тергеуге және ол келтірген залал мөлшерін белгілеуге кедергі келтіруі;

4) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы хабарламауы;

5) қауіпсіздіктің белгіленген және жалпыға мәлім ережелері мен нормаларын, қауіпті объектілерді пайдалану нұсқаулықтарын сақтамауы, сондай-ақ қызметтердің қандай да бір түрін жүзеге асыру үшін белгіленген стандарттарды, ережелерді, заңдарды немесе ведомстволық құжаттарды сақтамауы;

6) ол сырқат бойынша емнің жүргізілгені, жүргізілмегеніне қарамастан, егер Сақтандырылушы денсаулығының нашарлауы немесе оның қайтыс болуы сақтандыру мерзімі басталған сәтте болған сырқатпен тікелей себепті-салдарлы болса, егер шет елге шығу Сақтандырылушының денсаулығына қарай оған кереғар болса және (немесе) сапарға шығу оның сырқатын үдетуі мүмкін болса;

7) егер сапарға шығу мақсаты медициналық қызметтер алу болса;

8) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде қарастырылған басқа жағдайлар.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 89 хаттама) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке алғанда,  
2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енді

**13.** Сақтандырушы төмендегілер үшін сақтандыру төлемін жүргізбейді:

1) Сақтанушының (Сақтандырылушының) жанама коммерциялық шығыстары, шығасылары (айыппұлдар, тұрақсыздық айыбы, өсімпұл), уыстан шығарылған пайда түріндегі залалдары;

2) моральдық шығын;

3) медициналық емес сипаттағы шығындар, мысалы, телефонмен сөйлесу, такси қызметі, аудармашы қызметі, ілесуші тұлғалардың жатып-тұруы, «ЛЮКС» деңгейіндегі немесе жоғарғы жайлылықтағы палаталар және басқалары;

4) қажетті қорғаныс аясынан артып кеткен жағдайларды қоспағанда, уақытша тоқтаған елдегі қазіргі заңнамаға сәйкес Сақтандырылушыға қатысты әкімшілік жазаға немесе қылмыстық қудалауға әкеп соқтырған құқыққа қарсы әрекетті жасауына немесе оны жасауға әрекет етуіне байланысты Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) шұғыл медициналық көмек көрсету шығындары;

5) сот шығыстары;

6) сақтандыру шартында/бағдарламасында қарастырылмаған медициналық қызметтер;

7) сақтандыру шартын жасасу кезінде оны алу Сақтандырылушының әдейі мақсаты болған, сақтандыру аумағында оны емдеу кезінде Сақтандырушымен немесе Медициналық ассистанспен келісілмеген медициналық немесе басқа да қызметтерді алуы;

8) Сақтандырылушы шет елге спорттық шараларға қатысу мақсатында барған кезде спорт командасы дәрігерінің қызметі немесе оларды көрсету ол шараны ұйымдастырушылар тарапынан қамтамасыз етілетін медициналық қызметтер;

9) Сақтандырылушының Медициналық ассистанс дәрігерінің нұсқауларын, емдеу мекемесіндегі тәртіп ережелерін сақтамауы, егер нұсқаулар медициналық рапортта көрсетілген болса;

10) тиісті құжаттармен (дәрігердің тағайындамасы, рецепт, шот, квитанция, түбіртек және т.б. өңірлік ерекшеліктерді есепке алғанда).

**14.** Сақтандырушы мына жағдайларда сақтандыру төлемін жүргізбейді:

1) шұғыл медициналық қызмет көлеміне кірмейтін және шұғыл қаралу кезінде дәрігер тағайындамаған медициналық қызметтерді ұсыну;

2) Сақтандырылушының өміріне қауіп төндірмейтін созылмалы сырқаттар және олардың қабынуы;

3) олардың себебі I және II топ мүгедектігі болған сырқаттар;

4) қатерлі емес және қатерлі жаңа өскіндер (оның ішінде онкогематологиялық)ғ олардың асқынуы және қабынуы, сондай-ақ оларды анықтау мерзімдеріне қарамастан, оларға диагностика қою;

5) Сақтандыру шартының әрекеті басталғанға дейінгі соңғы 6 ай ішінде емдеуді қажет еткен сырқаттар, сондай-ақ Сақтандырылушы сапар басталар күні ауырған сырқаттар, аталған сырқатты оперативті немесе тарапевті түрде емдеуден кейінгі кезеңде туындаған салдары (асқынуы) (бұл ерекшелік шет елге оқу мақсатында шыққан және тәуекелдің тиісті санатының ақысын төлеген тұлғаларға таратылмайды, бірақ 2 (екіден) артық емес дәрігердің қабылдауы және 1 (бір) сақтандыру жағдайы бойынша ең аз зертхана зерттеулері);

6) алдын алу вакцинацияларын жүргізу және медициналық тексерулер;

7) психологиялық бұзылыстар және сырқаттар, депрессия;

8) медициналық көрсеткіш бұйымдарын сатып алу: көзілдіріктер, жанаспалы линзалар, есту аппараттары, ілеспе медициналық тауарлар: мүгедектер арбасы, бандаждар және балдақтар және басқалары;

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 89 хаттама) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке алғанда,

2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енді

9) косметикалық, пластикалық және кез келген түрдегі қалпына келтіру хирургиясы, бұған сақтандыру жағдайы деп танылған оқиғаның салдарынан ағзаның анатомиялық тұтастығын бұзатын, теріні қайта жамауды немесе тамырлардың функциясын қалпына келтіруді (күйік) қажет ететін жағдайлар кірмейді;

10) егер сырқаттану (жай-күйі) күн сәулесінің әсерінен болса;

11) ВИЧ-инфекциялары, СПИД, венерологиялық сырқаттар және жыныс жолдарымен тарайтын сырқаттар, оларға диагностика қою мен емдеуді қоса алғанда;

12) санаторий, емдеу орындары, демалыс орындарында және басқа медициналық немесе санаторий-курорт түріндегі ұйымдарда емделу, қамқоршылық күтім;

13) жүктілік, босану, 12 (он екі) аптадан артық жүктіліктің кез келген асқынуы, сондай-ақ түсік, оның ішінде өздігінен түсік, бұған Сақтандырылушының өміріне тікелей қауіп төндіретін жағдайлар кірмейді, бұл ретте барлық жағдайларда жүктілік мерзімі 12 (он екі) аптадан аспауы керек;

14) протездеудің барлық түрі, оның ішінде көз және стоматологиялық;

15) ағзаларды және тіндерді трансплантациялау, емдеудің экстракорпоральды әдістері: гемодиализ, плазмофореза және гемосорбция жүргізу;

16) алдын ала вакцинация қою кезінде болмаған болуы мүмкін инфекциялық сырқаттар;

17) Медициналық ассистанс және (немесе) Сақтандырушы дәрігерлерінің пікірі бойынша қажеттілік және жеткіліктілік шегінен шығатын зерттеулер, талдаулар, медициналық дәрі-дәрмектер;

18) медициналық көзқарас бойынша өмірге маңызды болып табылмайтын қызметтерді ұсынуға байланысты шығындар;

19) осы Ережеде көзделген шұғыл көмекті қоспағанда, стоматологиялық көмек;

20) шұғыл көмек көлеміне жатпайтын бейдәстүрлі және дәстүрлі емдеудің барлық әдістерін алу кезінде: фитотерапия, гирудотерапия, гомеопатиялық емдеу, ине-рефлекс терапиясы, флотинг-ванна, барокамерада емдеу, гидромассаж, гидроклонотерапия, құрғақ және су асты сору, балшықпен емдеу, жарықпен емдеу, биорезонансты терапия, қалпына келтірудің (реабилитация) барлық әдістері және баламалы немесе классикалық емес медицинаның басқа әдістері, физиотерапевтік процедуралар;

21) бронхтардың жиырылуы кезінде ингаляция қоюды қоспағанда, физиотерапевтік процедуралар;

22) алкогольмен, есірткімен мастандыратын құралдарды немесе өсімдіктен жасалған құралдарды, сонымен қатар алкогольмен, есірткімен не уытпен мастануды болдыратын химиялық синтез арқылы жасалған құралдарды қабылдаудан болған денсаулықтың нашарлауы;

23) өз өзіне қол жұмсау немесе оған әрекет ету, Сақтандырылушының өз денсаулығына кез келген сипатта зиян келтіруі;

24) егер Сақтандыру шартында және (немесе) Сақтандыру бағдарламасында басқалай қарастырылмаған болса, Сақтандырылушының жарақат алу және (немесе) опат болудың жоғарғы тәуекеліне (егер тәуекелдің тиісті санатына ақы төленбеген болса) әкеп соқтыратын сауықтың немесе спорттың қауіпті түрлерімен айналысуы нәтижесінде алған сырқаттары және (немесе) жарақаттары:

- жоғарғы жылдамдықпен және биіктіктен секірумен бірге жүретін кәсіби немесе әуесқой спорттың кез келген түрі (оның ішінде мотожарыс, автожарыс, судағы спортивті қайықтар), құздан суға секіру, банджи-джампинг, (банан, су аттракциондарын, аквапарктерді қоспағанда);

- серфинг, дайвинг, рафтинг, парашют спорты, дельтапланеризм, парапланеризм, квадроцикл айдау, судағы мотоцикл, сноуборд және тау шаңғысын тебу, құзға өрмелеу, альпинизм, қол жұмсайтын ұрыс, күрес, бокс, самбо, дзюдо, каратэ, таэквондо, сумо,

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 89 хаттама) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке алғанда,  
2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енді

кикбоксинг, айкидо, кендо, кобудо, ушу, кунг-фу (спорт жарыстарына қатысу үшін шет елге шығатын спортшылар үшін сақтандыру өтемінің санаты таңдалған жағдайларды қоспағанда);

- футбол, виндсерфинг, ауыр атлетика, ауыр заттарды көтеру, су астына сүңгу;

25) Сақтандырылушының өзі қасақана тәуекелге бас тіккен жағдайлар, яғни оның опат болуына не дене жарақаттарын алуына әкеп соқтыратын тәуекелге, егер қосымша тәуекел қарастырылмаған және спорт жарыстарына қатысу үшін шығатын кәсіби спортшылар үшін арнайы тарифтер бойынша сақтандыру полисі беріліп, Тараптардың келісімі бойынша ақысы төленбеген болса;

26) Сақтандырылушының сақтандыру аумағында медициналық қызметтер алуы үшін сақтандыру төлемін алуы мақсатында өз денсаулығына қасақана зиян келтіруі;

27) жасанды ұрықтандыру, бедеулікті емдеу немесе жүктіліктің алдын алу;

28) көлік құралын оны басқаруға құқығы жоқ тұлғаның немесе мас адамның, есірткінің, психотропты заттардың және ұйқы тудыратын, бағыт-бағдарды бұзатын, зейін қоюды бұзатын десенсибилизация (седативті) құралдарының әсеріндегі тұлғаның басқаруы;

29) өзін өзі емдеу, Сақтанушының (Сақтандырылушының) отбасы мүшелерінің тағайындаулары және емдеу жүргізуі;

30) Сақтандырушы уәкілеттік бермеген дәрігердің әрекеттерінен туындаған сырқаттар;

31) Сақтандыру шартында көзделген сақтандыру аумағынан тыс;

32) әскери немесе құқық қорғау органдарында қызмет ету немесе тиісті оқудан өту;

33) Сақтанушының (Сақтандырылушының) ол медициналық көрсеткіштері бойынша рұқсат етілген жағдайларда тұрақты тұратын еліне эвакуациялаудан ерікті түрде бас тартуы. Жазбаша бас тартқаннан кейінгі сәттен бастап Сақтандырылушыға ұсынылған қызметтердің шығындары төленбейді;

34) Сақтанушының (Сақтандырылушының) сақтандыру жағдайы бойынша қаралуына байланысты қойылған дәрігер тағайындамаларын орындаудан оның ерікті түрде бас тартуы және осы бас тартудың барлық салдары;

35) консервативті (оперативті емес) емдеуге ауыстырылуы мүмкін болған немесе Сақтандырылушының тұрақты тұратын еліне кері қайтқанына дейін кері шегерілуі мүмкін болған немесе Сақтандырушы немесе Медициналық ассистанс мақұлдамаған хирургиялық емдеу;

36) шет елге денсаулыққа зиян келтіру және (немесе) жазатайым жағдайдың басталу тәуекелі жоғары, оның ішінде Сақтандырылушының қайтыс болуына әкеп соқтыратын жұмысты істеу (еңбек қызмет) мақсатында шығу.

**15.** Сақтандырылушының физикалық жұмыспен, белсенді түрде демалудың қауіпті түрлерімен, әуесқой немесе кәсіби спортпен айналысуы салдарынан орын алған шығындар сақтандыру жағдайы болып табылмайды және өтелуге жатпайды.

**16.** Мыналар сақтандыру жағдайы болып танылмайды:

- 1) қан тамыр аурулары (тығындалғын эндартериит, атеросклероз, аневризма, тамырдардың варикозды кеңеюі, тромбофлебиттер; Такаясу ауруы (тән емес аортоартериит), Бюргер ауруы (тығындалған тромбангиит), варикоцеле, тік ішектің варикозды кеңеюі - геморрой);
- 2) көз аурулары: миопия, астигматизм, катаракта, глаукома, ретинопатия, дағдылы жиырылу, көз торының қабатталуы түріндегі көз жарақатының кейінделген зардаптары, қабаққа массаж жасау қызметі және көз алмасын биостимуляциялау. Көздің көруін хирургиялық жолмен түзетуге байланысты шығындар, оның ішінде

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 89 хаттама) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке алғанда,

2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енді

лазерді қолдану арқылы, офтальмологиядағы аппараттық-бағдарламалық кешендерді пайдалануға байланысты манипуляциялар;

3) тамақтану және зат алмасу процесінің бұзылу диагностикасы және оны емдеу: семіздік, несеп қышқылды диатез, құян, дистрофия және т.б.;

4) эндокринді ауруларға диагностика қою және емдеу: қант диабеті, қалқанша безінің аурулары және басқалары;

5) жүйелік аурулар (СКВ, түйінді периартериит, жүйелік склеродермия, Бехтерев ауруы, Шегрен ауруы, Рейтер ауруы, ДОО, дерматомиозит, жүйелік васкулиттер, ревматизм және т.б.), сүйек жүйелерінің ауруы (остеопороз, өкше сүйек сүйелі, дисплазиялар және т.б.);

6) белсіздікке диагностика қою және емдеу, етеккір мерзімінің бұзылуы, импотенция, контрацепцияның барлық әдістері;

7) түзеткіш техниканы іріктеу, сатып алу және жөндеу (көзілдіріктер, линзалар, балдақтар, есту аппараттары және басқалары)

8) трансплантациялауды немесе протездеуді қажет ететін ағзалар мен тіндер аурулары, оның ішінде эндопротездеу, реконструктивті операциялар, ағзалар мен тіндерді ауыстыру операциялары, сондай-ақ мұндай операциялардың салдары;

9) коронароангиография жүргізуге байланысты медициналық шығындар; сондай-ақ жүрекке хирургиялық операциялар (қолқа-тәж шунттау, стентирлеу, ИВР қою және т.б.) тіпті медициналық көрсеткіштері болған кезде де;

10) тұқым қуалайтын жетімсіздікке диагностика қою және емдеу (ержегейлік, жыныстық тез жетілу), тұқым қуалайтын, гендік, хромосомдық аурулар және туа біткен және жүре пайда болған даму кемшіліктері, ДЦП;

11) аллергиялық созылмалы ауруларға диагностика қою және емдеу, кезек күттірмес шараларды талап ететін жіті жайғдайларды қоспағанда;

12) тыныс жүйесінің созылмалы аурулары: бронхоэктаздық ауру, бронх демікпесі, ХОБЛ (өкпенің созылмалы обструктивті ауруы), өкпенің эмфиземасы және 2-3 кезеңдердегі тыныс алу жетімсіздігімен өкпенің басқа созылмалы аурулары;

13) жүрек-қан тамырлары аурулары: Абрамов-Фидлер миокардиті, кардиомиопатия; жасанды ырғақ жүргізушісін енгізуді талап ететін аурулар; созылмалы ырғақ бұзылысы (жыбырлақ ырғақсыздық, толық АВ қамауы, инфаркттан кейінгі кардиосклероз, жүректің аневризмасы, туа біткен және жүре болған жүрек жетімсіздігі), ІІБ - ІІІ стадиясындағы қан айналым жетімсіздігімен жүрек-қан тамыр жүйесінің созылмалы аурулары;

14) несеп-жыныс жүйелерінің аурулары: көпжылауықты бүйрек; созылмалы гломерулонефрит, ХПН 2-3 ст., бүйректің амилоидозы, нефроангиосклероз, гидронефроз, бүйрек және несеп шығару жолдарының дамуының туа біткен кемшілігі, кез келген шығу тегіндегі шыжың, нефроптоздар;

15) орталық жүйке жүйесінің аурулары: мидағы қан айналымының бұзылысынан кейінгі жай-күй және оны салдары; гепато-церебральды дистрофия (Вильсон-Коновалов ауруы), Альцгеймер ауруы, Паркинсон синдромы, эпилепсия, балалардың церебральды параличі, жарақаттан кейінгі энцефалопатия;

16) жіті және созылмалы сәуле аурулары;

17) созылмалы гепатиттер, кез келген этиологиядағы және белсенділік деңгейіндегі цирроздар;

18) қару ұстау, жүргізуші куәлігін алу, сауықтыру мекемелеріне бару, оқу орындарына түсу үшін анықтамалар рәсімдеу, шет елге шығу үшін анықтамалар дайындау мақсатында жүргізілетін медициналық тексерулер;

19) протездеу ортопедияға дайындық, косметология (ағарту, тісті тазалау және тіс жегілерін алу), ортодонтия бойынша стоматологиялық шығындар;

*«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ*  
*Шет елге шығушы тұлғаларды ерікті сақтандыру ережесі*  
Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 89 хаттама) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке алғанда,  
2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енді

20) жасанды ұрықтандыру және жүктілікті тоқтату және онымен байланысты асқынуларға байланысты шығындар;

21) қандағы гормондар деңгейін анықтау;

22) шұғыл көрсеткіштері бойынша жүргізуді қоспағанда, магнитті-резонансты немесе компьютерлік томография;

23) алдын алу және жоспарлы түрде емделумен қатысты аурулар бойынша шығындар;

24) алдын алу, емдеу көрсеткіштері бойынша медициналық бұйымдар сатып алу (маскалар, ингаляторлар, қызуөлшеуіштер, бинттер, мақта, лейкопластырь, клизмалар және т.б.).

**17. Сақтандыруға қабылданбайтындар:**

1) 1 және 2-топ мүгедектері болып табылатын тұлғалар;

2) егер Сақтандыру шартының талаптарында басқалай қарастырылмаса, 75 жастан асқан тұлғалар.

Егер Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде осы тармақта көзделген тұлғалардың біріне қатысты жасалғаны анықталса, онда ондай Сақтандырылушыға қатысты сақтандыру қорғанысы тоқтатылады.

## **5. САҚТАНДЫРУ СОМАСЫ. ФРАНШИЗА**

**18.** Сақтандыру сомасы – оған сақтандыру объектісі сақтандырылған және сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақша сомасы.

**19.** Сақтандыру шартында (Сақтандыру бағдарламасында) тәуекелдің әрбір түрі не сақтандырумен өтелетін шығындар бойынша сақтандыру сомалары (Сақтандырушы жауапкершілігінің лимиттері) белгіленуі мүмкін.

**20.** Сақтандыру сомасының (Сақтандырушы жауапкершілігінің лимиттері) мөлшері тараптардың келісімі бойынша анықталады және сақтандыру шартында көрсетіледі.

**21.** Франшиза – сақтандыру талаптарында қарастырылған, Сақтандырушыны белгілі бір мөлшерден аспайтын залалды өтеуден босату. Франшиза не сақтандыру сомасына проценттерде не абсолютті мөлшерінде белгіленуі мүмкін. Сақтандыру шартын жасасу кезінде шартты (шегерілмейтін) немесе шартсыз (шегерілетін) франшиза қолданылады.

**22.** Шартты франшиза кезінде Сақтандырушы франшизаның белгіленген мөлшерінен аспайтын залалды өтеуден босатылады, бірақ егер оның мөлшері бұл сомадан көп болса, залалды толықтай өтеуге тиіс.

**23.** Шартсыз франшиза кезінде залал барлық жағдайларда бірдей франшизаның белгіленген сомасы шегеріліп өтеледі.

**24.** Франшизаның мөлшері мен түрі Сақтандыру шартында көрсетіледі.

## **6. САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫСЫ**

**25.** Сақтандыру сыйлықақысы – Сақтанушы Сақтандырушыға оның Пайда алушыға Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндетін қабылдағаны үшін төлеуге міндетті ақша сомасы.

**26.** Сақтандыру сыйлықақысын Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің деңгейін (сақтандыру бағдарламасы) және сақтандыру мерзімін есепке ала отырып, сақтандыру шартын жасасу сәтінде қолданылатын сақтандыру сыйлықақысының мөлшерлемесіне сәйкес белгілейді.

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 89 хаттама) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке алғанда,  
2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енді

**27.** Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімі сақтандыру шартында белгіленеді.

## **7. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

**28.** Сақтандырушы:

1) Сақтанушыны осы Ережемен (сақтандыру талаптарымен) таныстыруға, егер Сақтандыру шарты Сақтанушыға сақтандыру полисін беру арқылы осы Ережеге қосу жолымен жасалса, Сақтандыру ережесінің көшірмесін беруге (жөнелтуге);

2) ұсынылатын қызметтердің сақтандыру шартының талаптарына сәйкес көлемін, мерзімін және санын тексеруге;

3) сақтандыру жағдайы басталған кезде сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру төлемін жасауға;

4) Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау үшін қажетті барлық қажетті құжаттарды тапсырмаған кезде, өтініш берушіге жетіспейтін құжаттар туралы сақтандыру шартында белгіленген мерзімде хабарлауға;

5) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында қарастырылған жағдайларда сақтандыру сыйлықақысын қайтарудан, сақтандыру төлемін жасаудан бас тартуға;

6) Сақтанушыға (Сақтандырылушыға) ол сақтандыру жағдайы кезінде залалдарды азайту үшін шығарған шығындарын өтеуге;

7) Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда оның қағаз нысанында ресімделген телнұсқасын алуға немесе Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсетілген Сақтанушының электрондық пошта мекенжайына электрондық Сақтандыру шартын қайта алуға;

8) Сақтандыру құпиясын қамтамасыз етуге міндетті.

**29.** Сақтандырушы:

1) Сақтанушыдан бұрынғы сақтандыру шарттары, сақтандыру жағдайлары және сақтандыру төлемдері туралы ақпараттарды қоса алғанда, тәуекел деңгейін анықтау, сақтандыру шартын рәсімдеу үшін қажетті мәліметтерді ұсынуды талап етуге;

2) осы Ережеде және (немесе) сақтандыру шартында көзделген негіздемелер бойынша сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тартуға;

3) сақтандыру тәуекелінің деңгейі артқан кезде сақтандыру шартының талаптарын қайта қарастыруға, оның ішінде қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге;

4) оған ұсынылған ақпараттар мен құжаттары тексеруге;

5) тиісті мемлекеттік органдар мен ұйымдардан, олардың құзіреттеріне қарай сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен келтірілген зиянның мөлшерін растайтын құжаттарды сұратуға;

6) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру жағдайының басталу фактісін, оның туындау жағдайлары мен келтірілген зиян мөлшерін белгілеу үшін қажетті ақпарат пен құжаттарды талап етуге;

7) Сақтанушыдан (Сақтандырылушыдан) сақтандыру жағдайы басталған кезде Сақтандырушы ақысын төлеген, бірақ пайдаланылмаған жол жүру билеттерінің (авиа, автокөлік, теміржол су жолы көлігі) құнын Сақтандырылушыны тұратын еліне эвакуациялау немесе Сақтандырылушының сырқаттануы немесе онымен болған жазатайым жағдайға байланысты сақтандыру аумағында қараусыз қалған Сақтандырылушының балаларын кері қайтару мақсатында кері қайтаруды талап етуге;

*«Халық» сақтандыру компаниясы» АҚ*  
*Шет елге шығушы тұлғаларды ерікті сақтандыру ережесі*  
Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 89 хаттама) бекітілген өзгерістер  
мен толықтыруларды есепке алғанда,  
2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енді

8) қажет болған жағдайда сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырылушыны медициналық тексеруге жіберуге;

9) Сақтандырылушыға жазбаша негіздеме жібере отырып, сақтандыру жағдайының туындау себептерін және жағдайларын толық анықтағанға дейін сақтандыру төлемін жүзеге асыруды тоқтатуға;

10) осы Ережеде және Сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

11) Сақтандыру шартын жасасудан бас тартуға;

12) Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру нәтижесінде өтелген залалдар үшін жауапты тұлғаға қоятын талаптарға құқылы.

**30. Сақтанушы:**

1) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталу болжалдылығын және ол басталған жағдайда болжалды залалдардың мөлшерін анықтау үшін маңызды мәні бар өзіне мәлім жағдайларды хабарлауға;

2) Сақтандырушыға басқа сақтандыру компанияларымен (қосарланған сақтандыру) ұқсас сақтандыру шарттарын жасасқаны туралы ақпарат беруге;

3) Сақтандыру шартында белгіленген мөлшерде, тәртіпте және мерзімде сақтандыру сыйлықақысын төлеуге;

4) Сақтандырылушының назарына сақтандыру шарттарын және осы Ереженің талаптарын жеткізуге міндетті.

**31. Сақтанушы (Сақтандырылушы):**

1) Сақтандыру шартын жасасу кезінде сақтандыру жағдайына қатысты бөлігінде дәрігерлердің және медициналық мекеменің басқа қызметкерлерінің Сақтандырушы алдындағы құпиялылықты сақтау міндетінен босатылуына келісім беруге міндетті. Қажет болған жағдайда дәрігерлерге, медициналық ұйымдарға және басқа уәкілетті тұлғаларға (тұрақты тұратын еліндегі (азаматтығы бар) және сақтандыру аумағындағы да) Сақтандырушының сұранысы бойынша оған сақтандыру жағдайының басталу жағдайларын тергеу үшін қажетті құжаттарды (анықтамалар, қорытындылар және т.б.) беруге уәкілеттік беруге;

2) Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің барысы туралы ақпарат беруге;

3) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының басталғаны туралы сақтандыру шартында көзделген тәртіпте және мерзімде хабарлауға;

4) осы Ереженің және Сақтандыру шартының талаптарын орындауға;

5) Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының себептері мен салдары, келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері туралы пікір қалыптастыруға мүмкіндік беретін барлық қолда бар ақпараттар мен құжаттарды ұсынуға;

6) медициналық көмекке жүгіну фактісін және сақтандыру жағдайлары бойынша шығындарды растайтын құжаттардың орыс немесе қазақ тілдеріне нотариат растаған аудармасымен бірге сақталуын және оларды Сақтандырушыға беруді қамтамасыз етуге (аударма қызметтерінің ақысын Сақтанушы (Сақтандырылушы) өзі төлейді және өтеуге жатпайды);

7) Медициналық ассистанстың нұсқауларын орындауға, медициналық қызметтерді алу барысында берілген емдеуші дәрігердің ұйғарымдарына сүйенуге, медициналық мекемеде белгіленген тәртіпке бағынуға;

8) жарақаттану, улану және басқа жазатайым жағдайлар кезінде қандағы алкоголь құрамына медициналық тексеруден өтуге міндетті. Сақтандырылушы мұндай процедурадан өтуден бас тартқан кезде Сақтандырушы сақтандыру төлемінен толықтай немесе ішінара бас тартуға құқылы;

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 89 хаттама) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке алғанда,  
2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енді

9) сақтандыру жағдайының басталуына жауапты тұлғаға талап құқығының Сақтандырушыға өтуін қамтамасыз етуге міндетті.

**32. Сақтанушы:**

1) Сақтандырушыдан оның төлем қабілеттілігі және қаржылық тұрақтылығы туралы ақпаратты талап етуге;

2) осы ережемен танысуға және оның көшірмесін алуға;

3) осы Ережеде және сақтандыру шартында белгіленген тәртіпте сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға;

4) Сақтандыру шартын жоғалтқан жағдайда оның қағаз нысанында ресімделген телнұсқасын алуға немесе Сақтандыру шартын жасасу кезінде көрсетілген Сақтанушының электрондық пошта мекенжайына электрондық Сақтандыру шартын қайта алуға құқылы.

**33. Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру шартын басқа тұлғаларға олардың сақтандыру шартында қарастырылған қызметтерді алуы мақсатында беруге құқығы жоқ. Егер Сақтандырылушының басқа тұлғаға сақтандыру шартын осындай мақсатта бергені анықталса, Сақтандырушы ондай Сақтандырылушыға қатысты сақтандыру шартының қолданысын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Бұл ретте төленген сақтандыру сыйлықасы кері қайтарылмайды.**

**34. Сақтанушының (Сақтандырылушының) және Сақтандырушының Қазақстан Республикасының заңнамасында, осы Ережеде және Сақтандыру шартында қарастырылған өзге де құқықтары мен міндеттері бар.**

## **8. САҚТАНДЫРУ ШАРТЫНЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ ІШІНДЕ САҚТАНДЫРУ ТӘУЕКЕЛІНІҢ ӨЗГЕРУІ**

**35. Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі ішінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) ол туындаған сәттен бастап кідіртпей, үш күндік мерзім ішінде Сақтандырушыға өзіне белгілі болған, сақтандыру шартын жасасу кезінде Сақтандырушыға мәлімделген жағдайлардағы маңызды өзгерістер туралы, егер ол өзгерістер сақтандыру тәуекелінің артуына барынша әсер ететін болса, дереу хабарлауға міндетті.**

Барлық жағдайлар да маңызды деп сақтандыру шартын жасасу кезінде ұсынылған немесе оларда мазмұндалған мәліметтердегі (сақтандыру аумағы, сапар мақсаты, болу мерзімі және т.б.) өзгерістер танылады.

**36. Сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын жағдайлар туралы хабарланған Сақтандырушы сақтандыру шартының талаптарын өзгертуді және (немесе) көлемі артқан сақтандыру тәуекелін сай қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуді талап етуге құқылы.**

Егер Сақтанушы (Сақтандырылушы) сақтандыру шартының талаптарын өзгеруге немесе қосымша сақтандыру сыйлықақысын төлеуге қарсы болса, Сақтандырушы сақтандыру шартын мерзімінен бұрын бұзуға құқылы. Бұл ретте Сақтандырушы кері қайтаратын сомадан 25 % мөлшерінде Сақтандырушының іс жүргізу шығындарын шегеріп, пайдаланылмаған мерзім үшін төленген сақтандыру сыйлықақысын кері қайтарады.

**37. Сақтанушы (Сақтандырылушы) осы тараудың 35-тармағында қарастырылған міндеттерін орындамаған кезде Сақтандырушы сақтандыру шартын бұзуды және оны бұзумен келтірілген залалдарды өтеуді талап етуге құқылы.**

**38. Сақтандырушы сақтандыру тәуекелінің артуына әкеп соқтыратын жағдайлар жоғалған кезде сақтандыру шартын бұзуды талап етуге құқылы емес.**

## **9. САҚТАНУШЫНЫҢ (САҚТАНДЫРЫЛУШЫНЫҢ) САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫ БАСТАЛҒАН КЕЗДЕГІ ӘРЕКЕТТЕРІ**

**39.** Сақтандыру жағдайының белгілері бар және (немесе) оның салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқтыруы мүмкін кез келген жағдай басталған кезде медициналық көмекке (қызметтерге) немесе басқа қосымша қызметке жүгінерден бұрын Сақтандырушы дереу, ол басталған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде медициналық ассистансқа хабарласып, оған мыналарды мәлімдеуге міндетті:

- 1) тегін, атын;
- 2) сақтандыру шартының нөмірі және қолданылу мерзімі;
- 3) өзі тұрған жер, байланыс телефондары;
- 4) орын алған оқиға және қажетті көмек туралы қысқаша ақпарат.

**40.** Медициналық ассистанстан және (немесе) Сақтандырушыдан нұсқау алғаннан кейін Сақтандырылушы алған нұсқауларға сай әрекет етуге міндетті.

**41.** Сақтандыру шартында қарастырылған сақтандыру жағдайы басталған кезде, сондай-ақ Медициналық ассистансқа (Сақтандырушыға) сақтандыру шартында белгіленген мерзімде сақтандыру оқиғасының (жағдайының) басталғаны туралы хабарланған жағдайда, Медициналық ассистанс Сақтандырушының атынан Сақтандырылушыға медициналық көмектің (қызметтердің) және сақтандыру шартының талаптарында қарастырылған басқа да қызметтердің көрсетілуін қамтамасыз етеді. Бұл ретте қызметтер шұғыл медициналық көмекті көрсету үшін қажетті және жеткілікті мөлшерді, сондай-ақ сақтандыру шартында белгіленген франшиза есепке алына отырып, көрсетіледі.

**42.** Медициналық эвакуацияны, балаларды эвакуациялауды, қайтыс болғаннан кейінгі репатриациялауды ұйымдастыру кезінде Сақтандырушы және (немесе) медициналық Ассистанс Сақтандырылушының (онымен бірге сапарға шыққан баланың) кері қайту билетін пайдалануға құқылы.

**43.** Шұғыл жағдайларда, ахуалдың төтеншелілігіне қарай немесе объективті себептер бойынша Сақтанушы (Сақтандырылушы) медициналық Ассистансқа және (немесе) Сақтандырушыға хабарласа алмайтын жағдайларда, ол оқиға орнына жақын кез келген медициналық мекемеге барып, оған көрсетілген медициналық қызметтердің ақысын өзі дербес төлеуге құқылы.

Бұл ретте Сақтанушы (Сақтандырылушы):

1) орын алған жағдайда сақтандыру жағдайымен байланысты залалдарды азайту үшін орынды және қолжетімді шаралар қабылдауға;

2) оқиғаны күзиретті органдардың құжатты түрде ресімдеуін қамтамасыз етуге (оның салдарынан Сақтандырылушының денсаулығына зиян келтірілген немесе ол қайтыс болған оқиғаның сипатына қарай);

3) Сақтандырушының және (немесе) медициналық Ассистанстың талабы бойынша сақтандыру жағдайымен байланысты диагноз және емдеу туралы құжаттаманы тапсыруға, емдеуші дәрігерді дәрігер құпиясын сақтау міндетінен босата отырып, медициналық құжаттамамен танысуға мүмкіндік беруге;

4) физикалық жай-күйі жақсарғанда дереу медициналық Ассистансқа (медициналық көмек алған сәттен бастап 24 (жиырма төрт) сағат ішінде, бірақ сақтандыру жағдайы басталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей) мыналарды хабарлауға:

- а) Сақтандырылушының тегін, атын;
- б) сақтандыру шартының нөмірін, қолданылу мерзімін;

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 89 хаттама) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке алғанда,

2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енді

в) Сақтандырылушы жіберілген медициналық мекеменің атауын, мекенжайын, телефон нөмірін;

г) емдеуші дәрігердің атын, тегін, орналасқан жерін және телефон нөмірін;

д) Сақтандырылушының тұрғылықты тұратын жерінің мекенжайы және азаматтығын.

5) Сақтандырушының талабы бойынша медициналық Ассистансқа сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарлама жіберу мақсатында шығыс телефон қоңырауларының (SMS-хабарламалар) тіркелгенін растайтын құжаттарды беруге міндетті.

**44.** Сақтандырылушы қайтыс болған жағдайда Сақтандырушыға күнтізбелік 7 (жеті) күн ішінде сақтандыру жағдайы туралы хабарлау міндеті Сақтанушыға (Пайда алушыға) жүктеледі.

**45.** Сақтандырылушының медициналық Ассистансқа және (немесе) Сақтандырушыға мезгілімен хабарласуы және онымен медициналық және сақтандыру шартының талаптарына сәйкес өтелетін басқа шығындарды келісу осы Ереженің 4-тарауында мазмұндалған жағдайларды қоспағанда, сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін міндетті талап болып табылады.

**46.** Медициналық Ассистансты және (немесе) Сақтандырушыны оның салдары сақтандыру жағдайының басталуына әкеп соқтырған оқиға туралы хабардар етпеу (мезгілімен хабардар етпеу) Сақтандырушыға сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту не егер ол сақтандыру жағдайына Сақтандырушының күмәні болмаса, егер Сақтандырушының сақтандыру жағдайының басталғаны туралы мезгілімен хабардар болғаны дәлелденбесе, не оның болмауы Сақтандырушының сақтандыру төлемін жүзеге асыру міндеттерін орындауына әсер ете алмаса, сондай-ақ Сақтанушының (Сақтандырылушының) дәлелді себептермен аталған міндетін орындауға мүмкіндігі болмаған (кері қайтқаннан кейін стационарда емделу, отбасы мүшелерін жерлеу және т.б.) және оны құжатпен растаған жағдайларды қоспағанда, өтелетін шығындардың сомасынан 70% мөлшерінде сақтандыру өтемін жасау құқығын береді.

**47.** Сақтанушы (Сақтандырылушы) оны тексерген және емдеген дәрігерді Сақтандырушының алдында дәрігер құпиясын сақтау міндетінен босатуға міндетті.

**48.** Сақтанушы (Сақтандырылушы) тоқтаған елінде өзі алған медициналық қызметтері үшін шығындарды төлеген жағдайда, осы Ереженің және Сақтандыру шартының барлық талаптары сақталғанда, Сақтанушы (Сақтандырылушы) Сақтандырушыға құжаттарын Қазақстан Республикасына (тұрақты тұратын еліне) келген күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірмей тапсыруға міндетті.

**49.** Егер медициналық Ассистанс ұйымдастырған дәрігерге бару/ оның қабылдауы сәтінде Сақтанушы (Сақтандырылушы) шақырылған жерде болмаса, дәрігерге келесі бару және ол көрсететін қызметтер Сақтанушы (Сақтандырылушы) есебінен ұйымдастырылады және ақысы төленеді. Бұл ретте медициналық Ассистанс Сақтанушының (Сақтандырылушының) өзі баруы не түскен жеріне дәрігерді шақыруы үшін медициналық мекеменің координаталарын береді. Сақтандырушының талабы бойынша Сақтанушының (Сақтандырылушының) болмауы себепті болмай қалған дәрігердің қабылдауын ұйымдастырған шығындарын Сақтанушы (Сақтандырылушы) өтеуге міндетті.

## **10. САҚТАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНЫҢ БАСТАЛҒАНЫН РАСТАЙТЫН ҚҰЖАТТАР ТІЗБЕСІ**

**50.** Сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдауы үшін Сақтанушы (Сақтандырылушы, Пайда алушы) мыналарды тапсыруға тиіс:

1) сақтандыру төлемі туралы жазбаша өтініш;

Директорлар кеңесінің 2020 жылғы 28 ақпандағы шешімімен (№ 89 хаттама) бекітілген өзгерістер мен толықтыруларды есепке алғанда, 2019 жылғы 18 ақпаннан бастап қолданысқа енді

2) сақтандыру шартының көшірмесі (телнұсқасы);

3) Сақтандырылушы медициналық көмекке жүгінген сәттегі оның денсаулығының жай-күйі, қойылған диагноз, жүргізілген манипуляциялар мен емдер (медициналық қызметтердің калькуляциясы) туралы мәліметтер мазмұндалған медициналық құжаттардың (медициналық рапорт) түпнұсқалары;

4) рецептердің, шоттардың, фискалды түбіртектердің, медициналық және сақтандыру шартының талаптарына сәйкес өтелетін басқа қызметтердің ақысына квитанциялардың түпнұсқалары;

5) Сақтандырылушының Қазақстан Республикасының және сақтандыру аумағы болып табылатын елдің мемлекеттік шекараларынан өткендігі туралы белгілері шет елдік төлқұжатының көшірмесі;

6) Сақтандырылушының (Пайда алушының) жеке басын және оның сақтандыру төлемін алу құқығын куәландыратын құжаттар;

7) егер Сақтандырылушы кәмелетке толмаған болса, туу туралы куәлігінің көшірмесі;

8) жол жүру билеттерінің түпнұсқалары және көшірмелері;

9) Пайда алушының банктік деректемелері туралы мәліметтер;

10) жазатайым жағдай кезінде – сақтандыру жағдайының басталу фактісі мен себептерін растайтын құжаттар:

- жол-көлік оқиғасы (ЖКО) кезінде – жол полициясы актілерінің түпнұсқалары немесе көшірмелері;

- үшінші тұлғаларға зиян келтіру кезінде – Сақтандырылушыны жәбірленуші деп тану туралы қаулы және полицияның актісі;

- өрт кезінде – өрт туралы акт.

11) Сақтандырушының талабы бойынша - медициналық Ассистансқа сақтандыру жағдайының басталуы туралы хабарлама жіберу мақсатында шығыс телефон қоңырауларының (SMS-хабарламалар) тіркелгенін растайтын құжаттар.

**51.** Сақтандырылушы қайтыс болған кезде қосымша мыналар тапсырылады:

1) Сақтандырылушының қайтыс болу себебі туралы деректерден тұратын, заңнамалық актілерде қарастырылған құжаттардың нотариат растаған көшірмелері (сот-медицина сараптамасының қорытындысы және т.б.);

2) қайтыс болу туралы куәліктің түпнұсқасы немесе нотариат растаған көшірмесі;

3) патологиялық-анатомиялық зерттеу туралы нәижелер (Сақтандырушының талабы бойынша);

